

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ атындағы  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ

KHOJA AHMET YASSAWI  
INTERNATIONAL  
KAZAKH-TURKISH UNIVERSITY



АХМЕТ ЯСАУИ  
УНИВЕРСИТЕТІ

HOCIA AHMET YESEVI  
ULUSLARARASI TÜRK-KAZAK  
ÜNİVERSİTESİ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ  
КАЗАХСКО-ТУРЕЦКИЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ ХОДЖИ АХМЕДА ЯСАВИ

ӨКІМ

HÜKÜM

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 161200, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29, ректорат ғимараты  
Tel: (72533) 6-38-48, 6-36-36 Fax: (72533) 6-38-49, 6-37-45. e-mail: info@ayu.edu.kz

№ 055

"10" 11 2025

**8D015 – “Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау  
(6D011000/8D01503 – Физика)” мамандығы бойынша Диссертациялық кеңес  
жанындағы ғылыми семинардың функцияларын бекіту туралы**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 8D015 – Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау (6D011000/8D01503 – Физика) мамандығы бойынша құрылған Диссертациялық кеңестің тиімді жұмысын қамтамасыз ету және докторанттардың диссертациялық зерттеу жұмыстарының сапасын арттыру мақсатында **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

Диссертациялық кеңес жанындағы ғылыми семинардың функциялары мен жұмыс тәртібі төмендегідей бекітілсін:

1. Басқа жоғары оқу орындарында білім алған докторанттар қорғауға құжаттарды қабылдағанға дейін кемінде 1 (бір) ай бұрын Диссертациялық кеңес жанындағы ғылыми семинарда диссертацияны алдын ала талқылаудан өтуі тиіс;

2. Докторант ғылыми семинар төрағасына өтініш жазады және диссертацияның толық мәтінін, антиплагиат толық есебін ғылыми жетекшінің пікірін және жарияланған мақалаларының тізімін ұсынады;

3. Ғылыми семинар төрағасы өтініш түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде талқылау күнін белгілейді;


4. Ғылыми семинардың құрамын Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры өкіммен бекітеді. Құрамға Диссертациялық кеңестің мүшелері және диссертациялық тақырып саласындағы жетекші ғалымдар енгізіледі;

5. Ғылыми семинардың төрағасы, төрағаның орынбасары және хатшысы болады. Төраға семинар жұмысына жалпы басшылық жасайды, отырыстарды өткізеді және қабылданған шешімдердің орындалуын бақылайды. Төраға орынбасары төраға болмаған жағдайда оның функцияларын атқарады, ал хатшы семинар материалдарын рәсімдеп, хаттамаларды жүргізеді. Диссертациялық кеңестің төрағасы мен кафедра меңгерушісі ғылыми семинарға басшылық жасай алмайды, бірақ құрамына кіруге болады.

6. Семинар барысында докторант диссертация жұмысын таныстырып, қатысушылардың сұрақтарына жауап береді;

7. Ғылыми семинардың шешімі хаттамамен рәсімделеді және мынадай нұсқаларды қамти алады:

- диссертацияны қорғауға ұсыну;
- жұмысты жетілдіру немесе қайта өңдеу үшін қайтару;



055\*

- жеткіліксіз ғылыми деңгейі үшін қабылдамау.

8. Докторант диссертацияны ғылыми семинардың қарауына ең көп дегенде үш рет қайта ұсынуға құқылы;

9. Диссертациялық кеңес жұмысты ғылыми семинардың оң қорытындысы негізінде ғана қорғауға қабылдайды.

Сонымен қатар, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің докторанттары үшін диссертацияны алдын ала талқылау кафедраның кеңейтілген отырысында өткізіледі. Кафедраның кеңейтілген отырысына ғылыми семинар құрамының мүшелері қатысуы міндетті. Отырыстың хаттамасына қатысушылардың тізімі енгізіліп, қатысқан тұлғалар қол қояды.


**Негіздеме:** 8D015 – Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау (6D011000/8D01503 – Физика) мамандығы бойынша құрылған Диссертациялық кеңес төрағасы Ә.Х.Сарыбаеваның 07.11.2025 ж №1 қызмет хаты.

Ғылым және стратегиялық  
даму вице-ректоры



*[Handwritten signature]*

А. Ошибаева



*[Handwritten signature]*